

## **Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 52 өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 16 мамырдағы N 253 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1542

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148\_ Заңына сәйкес

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058\_ "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

12 "Көлік және байланыс" функционалдық тобында 1 "Автомобиль көлігі" кіші функциясында 274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы" мемлекеттік мекеме-бағдарлама әкімшісі бойынша 46 бағдарламасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"Ауданаралық (қалааралық), аудан мен елді мекендер ішінде қоғамдық жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру".

2. Заң қызметі департаменті (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет департаменті (Б. Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК